

ОӘЖ 378.147:801.73

КӨРКЕМ МӘТІН АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕРІ

Сәулімбай Айғаным

*магистрант, Педагогика және гуманитарлық ғылымдар факультеті,
SDU University, Қаскелең қ. Қазақстан*

Мақалада құндылықтарға негізделген білім беру, оның ішінде әдеби шығармалар арқылы оқушылардың бойында құндылықтарды қалыптастыру жайында айтылады. Қазақ әдебиеті пәнін құндылықтарға негіздеп оқыту мәселесі қарастырылады. Оқушылар арасында сауалнама жүргізіліп, нәтижесінде құндылық маңыздылығы реттілік бойынша берілді. Әдеби шығармаға аксиологиялық тұрғыдан талдау жасалды.

Көркем шығармадағы жалпыадамзаттық немесе ұлттық құндылықтарды анықтау мәтіндегі детальдармен мұқият жұмыс жасауды талап етеді. Яғни, көркем шығармадағы құндылықтарды анықтау белгілі бір деңгейде мәтін динамикасымен әрі ондағы астарлы оймен тығыз байланысты. Сондықтан қазіргі таңда әрбір білім алушы көркем шығармамен таныса отырып тек құрылымдық тұрғыдағы талдаулармен шектелмейді, керісінше, шығарманың негізгі идеясын анықтауға, ондағы кейіпкерлердің психологиялық портретін жасауға, автордың сөз қолданыстарын тереңінен түсінуге, құндылықтарды айқындай отырып өз тарапынан баға беруге талпынады. Мақалада қазақ әдебиеті пәні бойынша осындай дағдыларды дамыту мәселесіне ерекше басымдық берілген.

Кілт сөздер: құндылық, білім беру, аксиология, көркем мәтін, қалыптастыру.

Кіріспе

Құндылықтарға негізделген білім беру жүйесі педагогикаға жаңадан енген ұғым емес. Құндылықтарға бағыттап оқытудың маңызы туралы ұлт ұстаздары, білім беру саласының педагогтері өз еңбектерінде осы уақытқа дейін де сөз етіп келді.

Қазақ тілінің сөздігінде «құндылық» ұғымына мынадай түсініктеме берілген: 1. қымбаттылық, бағалылық; 2. маңыздылық, мәнділік [1,423]. Демек, біз объективті шындықтағы ең мәнді игіліктерді құндылық деп тануымыз. Ал,

олар, сөзсіз, біздің өмірлік мақсат-міндеттеріміз бен мұраттарымыздан, этникалық ерекшеліктерімізден және өзге де факторлардан келіп туындайды.

Ғылымда құндылықтар әлемін зерттеп, зерделейтін сала – аксиология. Аксиология (гр. *axios* – құнды, *logos* – ілім) – құндылықтардың табиғаты, олардың әлеуметтік шындықта аталған орны және құндылық әлемінің құрылымы туралы философиялық ілім. Оның негізгі мәні – оқушыны адамгершілік және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу.

Бұл ойды профессор К.А. Абишевтің құндылықтар туралы ойы нақтылай түседі. Ғалым: «Құндылықтар дегеніміз адам немесе адами қауымдастық не үшін жер бетінде жүр, не үшін тіршілік етеді, өзінің өмірін неге арнайды, не арқылы өзін адам деп сезінеді, не оның өміріне мағына береді» - деп жазады [2, 11-12].

Ұлт ұстазы А. Байтұрсынұлы да «...қазақта бай әдебиет бар, соның асыл мақсұтын таныту қажет» дегенді алға тартады. Әдебиеттің асыл мақсұты деп отырғаны:

- ғасырлар бойы қордаланған ұлттық құндылықтарды жас жеткіншектер бойына сіңіру;

- жеткіншектерді отансүйгіштікке, патриотизмге тәрбиелеу;

- көркем ойды әдемі жеткізе білу дағдысын қалыптастыру;

- ойын нақтылы жеткізуге және көркем жазуға үйрету;

- әдеби шығармалардан алған үлгі-өнегені өмірде қолдануға дағдыландыру.

Ал М. Жұмабаев «Педагогика» еңбегінде: «Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс. Сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті[3]»,– деп баланы ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеудің мәні зор екенін айтып өтеді.

Ж. Аймауытовтың «Психология» еңбегінен де: «Адамның өзін тану, өз жолын табуы өте қиын. Бұл қиындық әсіресе, жастардың басында: олар тәжірибесіз, көңілді, ойы құбылмалы, толқы-малы, сондықтан өзін сынай алмайды. Өмір жолдары сан тарау. Жастар тоқсан жолдың торабында, қай жолға түсерін білмей, дағдарды. Егер жазатайым теріс жолға түсіп кетсе, өмірі өкініші кетпейді [4]» - деп баланың бойына ұлттық құндылықты сіңірудің маңызына баса назар аударатынын байқаймыз.

Қазақтың ұлттық мектебінің моделін жасап, оны жүзеге асырып, мектеп ашқан Алма Қыраубаева өз еңбегінде: «Жатқа еліктеу – өзін-өзі қор санау. Бұл – ұлттық сана жетілмеген елде болатын көрініс. Өзінің ұлттық құндылықтарының болашағы жоқ деген түсініктің қалып-тасуы – адамның жан дүниесін аздыратын қатердің бірі. Оның жастар арасында, бала сенімінде ұялауына жол беріп қоюға болмайды... Жастар арасында Тәттімбеттің кім екенін білмей, Майкл Джексонға құл-дық ұру, Қорқыттың фило-софиясын ұқпай жатып, Фрейдке таңғалу, тасқа жазылған ата сөзін оқымай тұрып,

Куликово шайқасын білгішсіну ауруы бар...[5]» деген сөздері арқылы білім беруде ұлттық құндылықтардың маңыздылығын көруімізге болады.

Жоғарыда көрсетілген ғалымдардың пікірінен баланың бойында құндылық туралы түсінік болмаса, әдеби шығармалар арқылы бойына құндылық сіңіре алмасақ, келешегіміздің бұлыңғыр болатыны туралы ой түйге болады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Қазақ әдебиеті пәнінің үлгілік оқу бағдарламасында құндылықтарға қатысты көптеген оқыту мақсаттары берілген. Бұл оқыту мақсаттары аксиологиялық білім беруге және сол арқылы білім алушы бойында өзіндік ұстанымдар мен қағидаларды қалыптастыруға бағытталады. Сөзіміз дәйекті болуы үшін төмендегі кестені ұсынамыз:

5-сынып

Оқыту мақсаттары:

- шығармадағы эпизодтар арқылы тарихи құндылығын бағалау; шығармадағы кейіпкерді өзіндік құндылығы тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу.

6-сынып

Оқыту мақсаттары:

- шығармадағы кейіпкерлерді өзара салыстыра отырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру; шығармадағы кейіпкерлер қарым-қатынасын отбасылық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу.

7-сынып

Оқыту мақсаттары:

- кейіпкерлердің іс-әрекеті мен автор берген портреттік мінездемені салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру; шығарманы ұлттық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу.

8-сынып

Оқыту мақсаттары:

- 8.1.3 шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру; шығарманың көркемдік-идеялық құндылығын гуманистік тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу.

10-сынып

Оқыту мақсаттары:

- шығармадағы ұлттық құндылықтардың әлемдік тақырыптармен үндестігін ашу; әлем және қазақ әдебиетіндегі құндылықтардың үндесуін талдап, өзіндік ой қорыту шығарманың идеясын жалпыадамзаттық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу.

11-сынып

Оқыту мақсаты:

- шығармадағы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың әлемдік тақырыптармен үндестігін ашу [7].

Жоғарыда атап өткен оқу мақсатында мұғалімге нақты қай шығарманы оқытуда оқушы бойына қандай құндылықтарды енгізу керектігі айқын көрсетілген. Мұғалімнің міндеті тек аталған құндылықтарды қалыптастыруда тиімді әдістер мен тәсілдерді таба білу.

Білім берудегі құндылықтардың маңызын 2023 жылы 20 наурызда Президенттің 145 жарлығымен бекітілген ҚР Ақпараттық доктринасында [8] баланың бойында қалыптасуы керек деп бекітілген мына құндылықтар негіздей түседі:

- Әділеттілік
- Мемлекеттік тіл, тарих және мәдениет
- Отбасы құндылықтары және баланы қорғау
- Тәуелсіздік пен патриотизм
- Жасампаздық және прогрестік
- Еңбексүйгіштік пен білімге ұмтылу
- Табиғатқа, қоршаған әлемге ұқыпты қарау.

Жоғарыда көрсетілген заңнамадағы құндылықтарды ескере отырып, қазіргі оқушылар нені құндылық деп санайтындарын сауалнама арқылы анықтадық. Сауалнамаға 60-қа жуық 10, 11-сынып оқушылары қатысты. Соның нәтижесінде маңыздылығы бойынша төмендегідей құндылықтар шкаласы жасалды:

1. Отбасы
2. Адам - ата-ана, дос
3. Отан, туған жер
4. Тұлға - өзі
5. Адамгершілік
6. Білім алу

Зерттеу нәтижелері және талқылау

Қазақ әдебиетін оқыту үдерісі көркем шығармаларды талдаумен тікелей байланысты. Біз сөз етіп отырған құндылықтар да бағдарлама бойынша берілген көркем шығармалар негізінде қарастырылады.

Мұнда біздің басшылыққа алатынымыз – мәтінмен және мәнмәтінмен жұмыс. Себебі, құндылықтарды анықтау, айқындау мәтін динамикасын терең түсіну мен мәнмәтінде берілген көркемдік детальдарға ой көзімен қарап, айрықша назар аударуды талап етеді.

Төменде қазақ әдебиетін құндылықтарға негіздеп оқытудың жүйесі берілген. Бірақ, бұл «аксиологиялық талдаудың толық үлгісі осы» деген сөз емес. Мұны біз бағыт-бағдар, жүйе ретінде ұсынып отырмыз. Мәтінмен, мәнмәтінмен жұмыс барысында білім алушылар көркем шығармадағы

жағдаяттарды өзіндік «призмасымен» танып, бағалайды. Сондықтан, аксиологиялық талдау осындай факторлар негізінде өзгеріп, дамып, жетіліп отырады.

10-сынып қазақ әдебиеті оқулығындағы Қабдеш Жұмаділовтің «Тағдыр» романын оқушылармен талдау барысында қалыптасқан құндылықтар мынадай:

1-мысал: *«Ертең ауылға аттанамыз деген хабар құлағына тиісімен, Биби сабыртағаттан айрылды. Былтырдан бері көкірегін кернеп, іште бұғып жатқан сағыныш толқыны бірден лап етіп сыртқа шыққандай болып еді. Көз алдына ұшы-қиырсыз кең дала, үйездеген жылқы, көк жасаңға тігілген аппақ киіз үйлер елестеп, құлағына төрт түлік малдың қым-қуыт даңғаза шуы, маң төбеттердің әуілдеп үргені ап-анық естілгендей болып, түні бойы алағызып ұйықтай алмай шықты [9]»*. Бұл мысал арқылы қазақ әдебиетін оқытудың осындай көркем шығармадан алынған үзінділердің маңызын көруге болады. Осы үзіндіден оқушылар "туған жердің" қадірін, адам үшін маңыздылығын түсінгендерін айтты. Демек, сауалнамада көрсетілген «туған жер» құндылығын осы сынды көркем шығармалардағы үзінділерді талдау, жете түсіндіру арқылы қалыптастыра аламыз.

2-мысал: – *Сіз, әсілі, қайырымды адамсыз ғой. Біреуге еткен жақсылығыңызды жіпке тізіп жүрмейсіз, — деді Гауғаң қалтасынан алған орамалымен көзілдірігін сұрткілеп отырып. — Ал мен сол бір күнді әлі ұмытқаным жоқ. Мойнымдағы қарызды қалай қайтарам деп, анда-санда сізді еске алып қоятынмын.*

– *Рақмет, Гау мырза! Жақсылықты ұмытпау да кім көрінгеннің қолынан келе бермейді, — деді Демежан.*

Оқушылардың басым көпшілігі үшін бірінші орында тұрған «адамгершілік» құндылығы 2-мысалдың айқын дәлелі. Қазақтың ешқандай ұлтты бөліп-жармайтын бауырмалдық, адамгершілік, сыпайылығы – адам баласының мінез сүйкімі ғана емес, ол – интеллект пен мәдениет деңгейін танытатын руханиөлшем. Қазіргі жастар арасында бұл ұғымдардың анықтамасы өзгергендігі жасырын емес. Адами қарым-қатынастарда сыпайылық пен сыйластық сынды құндылықтар болмай, қоғамда қандай даму болуы мүмкін?! Міне, осындай күрделі кезеңде пән бойынша берілетін білімді ұлттық құндылықтарға негіздеу, білім алушыларды жоғарыда біз айтып өткен құндылықтармен тәрбиелеу — өте өзекті мәселе.

3-мысал: – *Е-е, айналайын-ай, әлгі Керекеннің қаладағы баласы сен екенсің ғой. Болар, болар... Атаға тартып тусаң, осылай ту, қарағым. Бар екенсің ғой... Сүйенішім, сұлтанбегім.* Қазақ қадір тұтатын, қазақты танытатын құндылықтардың жарқын көрінісі осы 3-мысалда көрініс тапқан (ата-ананы, үлкенді сыйлау; кекшіл болмай, көпшіл болу; ынтымақ, бірлік т.б.). Осы көркемдік деталь арқылы даналық пен ділмарлық, кісілік пен кемелдік,

байсалдылық пен байыптылық, сабырлылық пен салмақтылық сынды ұлттық мінезді қалыптастырушы екенін аңғаруға болады.

Қорытынды

Қазіргі кезде әдебиетті оқыту білім алушының бойына жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды сіңіруді басшылыққа алады. Аксиологиялық білім беру – көркем шығарманың негізгі идеясын, оның мән-маңызын түсіндіру мен айқындаудағы жетекші ұстаным. Көркем шығарманың өн бойында өріліп жататын құндылықтарды оқырман, білім алушы мәтін динамикасын терең сезініп, ой көзімен оқығанда аңғарып, таба алады.

Бүгінде Қазақстандық білім беру моделінің мақсат-міндеті – бәсекеге қабілетті тұлға даярлау. Ал, тұлға болмысын қалыптастыратын – құндылықтар. Сондықтан, мұндай көркемдік детальдарға назар аударып, аксиологиялық талдау жүргізу, біріншіден, ұлттық құндылықтарды тереңірек тануға жол ашып, білім алушы бойындағы тұлғалық қасиеттердің қалыптасуына әсер етеді. Екіншіден, құндылықтарға негізделген білім беру – эстетикалық тәрбие берудің нәр алар негізі, қайнар көзі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақ тілінің сөздігі / Жалпы ред. басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 1999. – 776 б.
2. Абишев К.А. Проблема ценностей в современном мире//Власть как ценность и власть ценностей: метаморфозы свободы. – Алматы: ИФиП МОН РК, 2007. – 470 с.
3. Смағұлова Г., Өтеген Б. Жалпы білім беретін мектептерде қазақ әдебиетін құндылықтарға негіздеп оқыту.
4. Жұмабаев М. Педагогика. Алматы. 1992.
5. Аймауытов Ж. Психология. Жан жүйесі және өнер таңдау. Алматы. Рауан. - 1995. - 311 б.
6. Ысқақұлы Д. Ғалымның асыл арманы - Алма Қыраубаева <http://madenportal.kz/article/3467>
7. Жалпы білім беретін мектептің 10-сынып қазақ әдебиеті оқулығы. Мектеп баспасы.
8. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2200000141>
9. Қ.Жұмаділов “Тағдыр” романы <https://bilimland.com/kk/courses/audiochrestomathy/11-synyp/proza/lesson/26-qabdeszhumadilov-tahdyr-romany-1>

МЕТОДЫ ФОРМИРОВАНИЯ ОБЩЕЧЕЛОВЕЧЕСКИХ ЦЕННОСТЕЙ УЧАЩИХСЯ ЧЕРЕЗ ХУДОЖЕСТВЕННЫЙ ТЕКСТ

Сәулімбай Айғаным

В статье рассматривается образование, основанное на ценностях, в том числе формировании ценностей у учащихся через литературные произведения. Рассматривается проблема изучения казахского языка на основе ценностей. Среди учащихся был проведен опрос, в результате которого ценностное значение было присвоено по определенной последовательности. Проведен аксиологический анализ литературного произведения.

Определение общечеловеческих или национальных ценностей в художественном произведении требует тщательной работы с деталями в тексте. То есть определение ценностей в художественном произведении на определенном уровне неразрывно связано с динамикой текста и притчей, заложенной в нем. Поэтому в настоящее время каждый обучающийся, знакомясь с художественным произведением, не ограничивается только структурным анализом, а, напротив, стремится определить основную идею произведения, составить психологический портрет персонажей, глубже понять использование слов автора и дать оценку, определив ценности. Особое внимание в статье уделено вопросам развития таких навыков по предмету «Казахская литература».

Ключевые слова: ценность, образование, аксиология, художественный текст, формирование.

METHODS OF FORMATION OF UNIVERSAL VALUES OF STUDENTS THROUGH THE ART TEXT

Saulimbay A.

The article deals with education based on values, including the formation of values in students through literary works. The problem of learning the Kazakh language on the basis of values is considered. A survey was conducted among students, as a result of which the value value was assigned according to a certain sequence. An axiological analysis of a literary work was carried out.

Determination of universal or national values in a work of fiction requires careful work with details in the text. That is, the determination of values in a work of fiction at a certain level is inextricably linked to the dynamics of the text and the parable embedded in it. Therefore, nowadays every student, getting acquainted with a work of fiction, is not limited only to structural analysis, but, on the contrary, strives to

determine the main idea of the work, to make a psychological portrait of the characters, to understand more deeply the use of the author's words and to give an assessment by defining values. The article pays special attention to the development of such skills in the subject “Kazakh literature”.

Keywords: value, education, axiology, art text, formation.

REFERENCES

1. Dictionary of the Kazakh language / Under the general ed. headed by t. Zhanuzakov. Zhanuzakov. - Almaty: Dike-Press, 1999. - 776 p. [in Kazakh]
2. Abishev K. A. The Problem of Value in the Modern World// Power as Value and Power of Value: Metamorphoses of Freedom. - Almaty: IFIP MONRC, 2007. - 470 p.[in Russian]
3. Smagulova G., Otegen B. Teaching Kazakh literature in secondary schools on the basis of values. [in Kazakh]
4. Zhumabaev M. Pedagogy. Almaty. 1992. [in Kazakh]
5. Aimautov J. Psychology. System of soul and choice of art. Almaty. Rauan. 1995. 311 p. [in Kazakh]
6. Iskakovich d. asyl Arman of scientist - Alma Kyraubaev <http://madeniportal.kz/article/3467> [in Kazakh]
7. Textbook of Kazakh literature for 10th grade of secondary school. School publishing house. [in Kazakh]
8. Information-legal system of normative legal acts of the Republic of Kazakhstan <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2200000141> [in Kazakh]
9. Zhumadilov K. Novel “Fate” <https://bilimland.com/kk/courses/audiochrestomathy/11-synyp/proza/lesson/26-qabdeshtzhumadilov-tahdyr-romany-1> [in Kazakh]